

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫ

Факультеттің Ғылыми кеңес мәжілісінде

БЕКІТІЛДІ

№ 13 хаттама « 25» 06. 2021ж

Факультет деканы м.а. ___Өмірбекова Ә.Ө.

**«ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ВИКТИМОЛОГИЯ БОЙЫНША
КЕҢЕС БЕРУ» ПӘНІНЕН ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН
БАҒДАРЛАМАСЫ**

КРЕДИТ САНЫ - 3

КУРС -2

Құрастырған :Әрінова Б.А.

Алматы, 2021

«Әлеуметтік-педагогикалық виктимология бойынша кеңес беру» пәнінен
7MO01801 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының

2 курс магистранттарына арналған 2021-2022 оқу жылының күзгі
семестріндегі қорытынды емтихан бағадрламасы

Емтихан – ауызша

Емтихан форматы-онлайн

Univer жүйесінде өткізіледі.

Кредит саны -3

Қорытынды емтихан ауызша түрде жүргізіледі. Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және МӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылды. Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

1 тақырып. Әлеуметтік-педагогикалық виктимологияның теориялық әдіснамалық негіздері. Қазақстан Республикасындағы (құқықтық, әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық) нормативтік құжаттардың әлеуметтік-педагогикалық виктимологиядағы қолданысы.

Сұрақтар тізімі:

1. Әлеуметтік – педагогикалық виктимология ұғымын қалай түсінесіз?
2. Қазақстан Республикасында қандай нормативтік құжаттардың әлеуметтік-педагогикалық виктимологияда қолданылады?
3. Пәннің теориялық әдіснамалық негіздеріне не жатады?

2- тақырып. Құрбандардың әлеуметтік-демографиялық сипаты. «Виктимология» ұғымының қоғамдық бағыт және әлеуметтік құбылыс ретіндегі мәні: қалыптасуы мен дамуы. Виктимологияның түрлері, көп аспектілігі. Г.Гентинг, Б.Мендельсон, Э.Сатерленд, Г.Элленбергер теориялары

Сұрақтар тізімі:

1. «Виктимология» ұғымының даму тарихын қалай түсіндіруге болады?
2. Виктимологияның түрлері, көп аспектілігі неден байқалады?
3. Г.Гентинг, Б.Мендельсон, Э.Сатерленд, Г.Элленбергер теориялары қалай аталады?

3-тақырып. Виктимділік – өзіне тән қасиеттерге немесе атқаратын қызметіне байланысты тұлғаның қылмыс жәбірленушісіне айналып кету бейімділігі

Сұрақтар тізімі:

1. «Виктимділік» дегеніміз не?
2. Виктимділіктің қандай түрлері бар?
3. Жәбірленушінің мінез – құлқы, оның түрлерін қалай ажыратады?

4-тақырып. Виктимологияның басқа ғылымдармен байланысы. Әдіснамалық тұрғылар мен ұстанымдар (тұлғалық, әлеуметтік-құрылымдық, қылмыстық, әлеуметтік детерменизм т.б.)

Сұрақтар тізімі:

1. Виктимологияның ғылым ретінде дамуын қалай түсінесіз?
2. Виктимология қандай ғылымдармен байланысты дамиды?
3. Виктимологияның салалары қандай?

5-тақырып Әлеуметтік жағымсыз жағдайлардағы құрбандардың типтері. Виктимогендік – адамдарды құрбандарға айналдыруы мүмкін қауіпті жағдай. «Әлеуметтік-педагогикалық виктимология» ұғымының қоғамдық мәні: виктимологиядағы негізгі түсініктер; құрбандықтың түрлері.

Сұрақтар тізімі:

1. Әлеуметтік – педагогикалық виктимология нені қарастырады?
2. Әлеуметтік жағымсыз жағдайлардағы құрбандар деп кімдерді атайды?
3. Адамдардың құрбанға айналу себептерін атаңыз?

6-тақырып. Әлеуметтік теңсіздік- виктимологиялық мәселелерді тудырушы себептердің бірі. Өртүрлі мәдениеттер жағдайындағы құрбандық мәселесі. Әлеуметтік құрбандықтың объективті және субъективті факторлары.

Сұрақтар тізімі:

1. Әлеуметтік теңсіздік дегеніміз не?
2. Виктимологиялық мәселелерді тудырушы себептер қандай?
3. Өртүрлі мәдениет жағдайында қандай мәселелер құрбандыққа ұшыратады?

7-тақырып Тұлғаның әлеуметтенуіндегі қауіпті кезеңдер. Әлеуметтік құрбандықтың объективті және субъективті факторлар . Виктимдік – адамның қоғамдық жағымсыз жағдайларына үйірсек және жақын болуы

Сұрақтар тізімі:

1. Тұлғаның әлеуметтенуіндегі қоғамның орны қандай ?
2. Әлеуметтік құрбандықтың объективті және субъективті факторларын қандай белгілері арқылы ажыратады?
3. Виктимдік дегеніміз не және оның түрлері қандай?

8-тақырып. Тұлғаның бейімделуі және бейімделе алмауы туралы психоаналитикалық, гумандық, когнитивтік теорияларға түсінік.

Сұрақтар тізімі:

1. Тұлғаның бейімделуі және бейімделе алмауы туралы психоаналитикалық, гумандық, когнитивтік теорияларға сипаттама беріңіз.
2. Жалпы бейімделу синдромының даму кезеңдерін кестеге түсіріңіз.
3. Г.Сельенің «Жалпы бейімделу синдромы» тұжырымдамасының мәнін қалай түсінесіз ?

9-тақырып. Тәуекел тобындағы жасөспірімдердің әлеуметтік виктимологиялық сипаттамасы. Мүмкіндігі шектеулі және мүгедек балалардың әлеуметтенуінің өзіндік ерекшеліктері

Сұрақтар тізімі:

1. Тәуекел тобындағы жасөспірімдердің әлеуметтік виктимологияға ұшырауының себептерін атаңыз.
2. Тәуекел тобындағы жасөспірімдерге әлеуметтік виктимологиялық сипаттама беріңіз
3. Мүмкіндігі шектеулі және мүгедек балалардың әлеуметтенуіне сипаттама беріңіз.

10-тақырып Жағымсыз отбасы баланың виктимділігінің ортасы ретінде. Отбасының виктималдық жағдайлардағы (құқықтық, рухани, әлеуметтік, тұрмыстық, аралас неке мәселелерінің бала тәрбиесіне ықпалы. Мигранттар мен босқындардың балаларының әлеуметтенуі виктимогендік мәселе.

Сұрақтар тізімі:

1. Жағымсыз отбасы балаға қалай әсер етеді?
2. Баланың виктимділігіне әсер ететін отбасылардың түрлері қандай?
3. Мигранттар мен босқындардың балаларының виктимогендік жағдайға тап болуына қандай факторлар ықпал етеді?

11-тақырып. Д. Құрбандыққа душар болған адамдарға әлеуметтік қолдау көрсету және оларды қорғау бойынша берілетін кеңес түрлері

Сұрақтар тізімі:

1. Әлеуметтік педагог пен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің виктимологиялық жағдайларда кеңес берудегі өзара ынтымақтастығы неде?
2. Виктимділіктің алдын алу бойынша әлеуметтік қолдау туралы қереже құрастырыңыз
3. Әлеуметтік-педагогикалық виктимология бойынша кеңес беру әдістерін топтастырырып, кестеге түсіріңіз.

12-тақырып. Тұлғаның құрбан болуын алдын-алу бойынша ұйымдастырылатын әлеуметтік–педагогикалық жұмыстар. Әлеуметтік бейімделе алмаудың патологиялық, патологиялық емес, локальды және жаһандық түрлері: кеңес беру ерекшеліктері Виктимологиялық жағдайлардың алдын-алудағы құқықтық, медициналық, ақпараттық кеңес түрлерінің педагогикалық мәні және әлеуметтік қажеттігі және басым бағыттары

Сұрақтар тізімі:

1. Әлеуметтік бейімделе алмаудың қандай түрлерін білесіз?
2. Әлеуметтік бейімделу мәселелерімен қандай мамандар айналысады ?
3. Әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу жұмыстарының мәнін қалай сипаттар едіңіз ?

13-тақырып. Құрбандыққа душар болған адамдарға әлеуметтік қолдау көрсету Әлеуметтік педагог пен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің виктимологиялық жағдайларда кеңес берудегі іс-әрекеттестігі және өзара ынтымақтастығы және оларды қорғау бойынша берілетін кеңес түрлері

Сұрақтар тізімі:

1. Құрбандардың ағымдағы қиындықтарда әлеуметтік бейімделе алмау проблемалары бойынша кеңес берудің талаптарын жүйелеңіз.
2. Әлеуметтік қолдау түрлерін болашақ маман ретінде түсіндіріңіз.

3. Балалар арасындағы құқық тәртіп бұзу әрекеттерінің алдын алудағы әлеуметтік педагогтың атқаратын жұмысы?

14-тақырып. Әлеуметтік-педагогикалық виктимология бойынша кеңес берудің әдістемесі мен технологиялары. Құрбандардың ағымдағы қиындықтарда әлеуметтік бейімделе алмау проблемалары бойынша кеңес беру. Латенттік құрбандармен әлеуметтік-педагогикалық кеңес түрлері. Психологиялық жарақат алған құрбандарға әлеуметтік-педагогикалық кеңес берудегі Д. Стоттың диагностикалық бақылау картасы және т.б. әдістер мен тәсілдер

Сұрақтар тізімі:

1. Әлеуметтік-педагогикалық виктимология бойынша кеңес беру әдістемесі мен технологиялары қандай?
2. Психологиялық жарақат алған құрбандарға қандай әлеуметтік-педагогикалық кеңес түрлерін ұсынар ?
3. Латенттік құрбандармен әлеуметтік педагогикалық кеңес түрлері қандай?

15-тақырып Өртүрлі жағдайларға тап болған адамдарға әлеуметтік –педагогикалық кеңес берудегі адамгершілік қағидаларының орны. Құрбандыққа ұшыраған балалардың теріс мінез-құлқының қалыптасуына әлеуметтік ортаның және отбасы тәрбиесінің әсері.

Сұрақтар тізімі:

1. Құрбандыққа ұшыраған балаларда теріс мінез- құлықтың қалыптасу себептері?
2. Өртүрлі виктимологиялық жағдайға тап болған адамдарға әлеуметтік-педагогикалық кеңес беру түрлері?
3. Жасөспірімдер мен жастардың құрбандыққа ұшырауына әлеуметтік ортаның және отбасындағы тәрбиенің әсері қандай?

Баға қою критерийлері:

Балл	Жауап мазмұны
90-100 балл (Өте жақсы)	1. Емтихан сұрақтарына берілген жауап теориялық тұрғыдан нақты, толық жазылған. 2. Жауаптың мазмұны өзін өзі тану туралы дұрыс мәлімет береді, практикалық ерекшеліктері сипатталған және толық шешілген. 3. 1-2 блок жауаптары теориялық материалдарды жақсы игергендігін білдіреді. 4. Шығармашылық жұмыста қабілеттілігі көрінеді.
75-89 (Жақсы)	1. Емтихан сұрақтарына берілген жауап тақырыптың мазмұнына қойылатын талаптарға сай келеді. 2. Мазмұнында ашылмай қалған аспектілер бар. 3. Практикалық ерекшеліктері толық сипатталмаған. 4. 1-2 блок жауаптары теориялық материалды 80% игергендігін білдіреді.
50-70 (Қанағаттанарлық)	1. Жұмыс орындалған, бірақ мазмұны толық ашылмаған. 2. Практикалық ерекшеліктері сипатталмаған. 3. Жауаптары қысқа және қосымша жүйелілікті талап етеді.
0-49 (Қанағаттанарлықсыз)	1. Емтихан сұрақтарының жауабы бағдарламаға сәйкес емес. Жұмыс мүлде орындалмаған немесе 40-50% орындалған, теориялық материалдарда қате кездеседі.

	2.Практикалық жауап мүлде жоқ. 3.Жауапта грамматикалық,терминологиялық қателер бар,логикалық жүйелілік бұзылған.
--	---

Емтиханды бағалау магистранттың жауабының толықтығын ескере отырып, 100 баллдық шкала бойынша жүргізіледі.

Шкала, баллдар	Баға 1-сұрақ	Баға 2-сұрақ	Баға 3-сұрақ
90-100 өте жақсы	26-30	32-35	32-35
75-89 жақсы	23-27	26-31	26-31
50-74 қанағаттанарлақ	14-22	18-26	18-26
0-49 қанағаттанарлықсыз	0-15	0-17	0-17

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әлқожаева, Н. С. Әлеуметтік педагогика. оқу құралы / Н. С. Әлқожаева ; Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық Университеті. - Алматы : Қазақ университеті, 2011. - 140 б.
2. Гаджиева А.А Учебное пособие (курс лекций) по дисциплине «Виктимология» для направления подготовки «Юриспруденция», профиль «Уголовное право». Махачкала: ДГУНХ, 2016. – 152 с.
3. Основы социально-педагогической виктимологии: Учебное пособие // Сост. Н. И. Бумаженко. – Витебск: Изд. УО «ВГУ им. П. М. Машерова», 2005.
4. Ривман Д. В., Устинов В.С. Виктимология. –: Изд. «Юридический центр Пресс», 2000.
5. Айтбаева А. Б. Әлеуметтік педагогика негіздері: оқу құралы.- Алматы, Қазақ университеті, 2011.-165бет.
6. Журлова, И. В. Социально-педагогическая виктимология : курс лекций /– Мозырь : УО МГПУ им. И. П. Шамякина, 2010. – 172 с.
7. Таумышева Р.Е. Заң психологиясы. – Ақтөбе: «Қ.Ж.Жұбанов атындағы АӨМУ «Жұбанов университеті» баспасы, 2017ж. – 128 бет.
8. Алдакимова, О.В.Социально-педагогическая виктимология: учебно-методическое пособие / Алдакимова О. В. - Армавир : 2016. - 186 с.